



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 24 мамыр

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктерінің валюталық саясаты жөніндегі консультациялық кеңесінің 19-шы отырысы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Ерболат Досаев 2019 жылғы 22 мамырда Мәскеу қаласында өткен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктерінің валюталық саясаты жөніндегі консультациялық кеңесінің (бұдан әрі – Кеңес, ЕАЭО) 19-шы отырысына қатысты.

Отырыс барысында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің қаржы реттеушілерінің басшылары ЕАЭО ортақ қаржы нарығын қалыптастыру тұжырымдамасының жобасы, оның ішінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бағалы қағаздар нарығына өзара қолжетімділігі мәселелерін, сондай-ақ Тұжырымдаманың ағымдағы мәртебесі және оны келісу бойынша кейінгі қадамдар туралы мәселелерді талқылады. ЕАЭО ортақ қаржы нарығын 2025 жылға дейін құруға бағытталған Жұмыс кестесі келісілді.

Сонымен бірге Кеңес алаңында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің қаржы реттеушілерінің басшылары Қаржы нарығының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кредит-қаржы саласындағы компьютерлік шабуылдарға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі жұмыс тобын құру туралы келісімге қол қойды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz